






ХҒТАР 34.27.17

<https://doi.org//10.32523/2616-7034-2024-148-3-108-125>

Әдеби шолу

***Bacteroides fragilis* бактериясының карбапенемге төзімділіктің молекулалық механизмдері**

Д.С. Баянбек*¹ , Е.В. Жолдыбаева² , О.З. Ильдербаев¹ 

¹А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Ұлттық биотехнология орталығы, Астана, Қазақстан

*Байланыс үшін автор: aubakirova.dina28@gmail.com

Аңдатпа. Карбапенемдер көп жағдайда кең спектрлі белсенділікпен үйлесу, жылдам бактерицидтік әсері арқасында, антибактериялық препараттардың басқа класымен салыстырғанда төзімді штамдарды селекциялауда біршама потенциалға және жақсы төзімділікпен антибактериялық препараттардың ішінде ең сәтті тобы болып табылады. Карбапенемдер грам-оң, сонымен бірге грам-теріс бактерияларға да қарсы тұратын, кең спектрлі антимиқробтық құрал болып келеді. *Bacteroides fragilis* - моно- және полимикробтық инфекция кезінде клиникалық зертханаларда жиі бөлініп алынатын және өте маңызды бактериялардың бірі болып табылады. *Bacteroides fragilis* макролидтер, бета-лактамадар, метронидазол мен кейбір жаңа фторхинолондарға да төзімділік танытады. Карбапенемге төзімділік - емдік шарада шамадан тыс көп қолданылу нәтижесінде қарқынды дамып келе жатқан мәселе ретінде қарастырылады. Карбапенемге бактериялық төзімділіктің дамуының молекулалық механизмдері бірнеше факторларды қамтиды. Бірінші механизм эффузионды жүйе арқылы препараттарды экспорттау нәтижесінде микроорганизмдердің мульти-дәрілік төзімділіктің туындауымен байланысты. Бұл процесс бактерияларға антибиотиктік теріс әсерінен аулақ болуға мүмкіндік береді. Екінші механизм - бета-лактамаз синтезімен *B. fragilis*-тің бета-лактамады қосылыстарға төзімділік орнатуы. Бұл ферменттер бета-лактамады антибиотик сақинасын гидролиздеп, оның белсенділігін төмендетеді. Үшінші механизм - пенициллин байланыстыратын ақуыздардағы (ПБА) өзгеріс кейбір бактерия түрінде карбапенемге деген төзімділік танытады. ПБА кодтайтын гендердегі мутациялар карбапенемдердің осы ақуыздарға жақындығын өзгерте алады, бұл олардың антибиотиктің әсеріне сезімталдығын азайтады. Төзімділік таныту кезінде *sfIA* генінің маңыздылығы зор, әсіресе *B. fragilis* үшін. Олр карбапенемдерге және басқа бета-лактамады антибиотиктерге төзімділік тудыратын ақуыздарды кодтайды. Бұл ген әртүрлі бактериялар арасында көлденең тасымалдануы мүмкін, бұл төзімділіктің таралу қаупін жоғарылатады. Антимиқробтық препараттарға төзімділік механизмін түсінудің маңыздылығы ол, асқынған ауыр инфекцияларды емдеуде және алдын ала болдырмау мақсатында альтернативті антимиқробтық препараттарды таңдау кезінде қателік жасамау болып табылады. Берілген мақалада, *B. fragilis* штамдарының карбапенемге төзімділік танытуына әсер ететін бірнеше механизмдері қарастырылған. Бета-лактамазға тәуелді карбапенемдердің төзімділігі тасымалданатын генетикалық элементтермен сезімтал штамдармен пайда болуы мүмкін ең жиі таралған және клиникалық маңызды төзімділік механизмі болып табылады.

Түйін сөздер: төзімділік, *Bacteroides fragilis*, бета-лактамаза, карбапенем, ген, ингибитор, анаэроб, антимиқробтық препарат.

Түсті: 11.04.2024; Мақұлданды: 10.07.2024; Онлайн қолжетімді: 27.09.2024

Кіріспе

Жалпы биологиялық тұрғыдан алатын болсақ, төзімділік құбылысын микроорганизмдердің қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларына бейімделу қабілетінің бір көрінісі ретінде қарастыру қажет. Инфекциялық ауру қоздырғыштарының барлығы (бактерия, вирус, қарапайымдылар) емдік препараттарға төзімділікті қалыптастыра алады. Бұл құбылысты анықтау үшін «антимикробтық төзімділік» (АМТ) термині айрықша қолданылады. Әртүрлі емдік препараттарға инфекциялық аурулардың бактериялық қоздырғыштардың төзімділігі «антибактериалдық төзімділік», ал олардың биологиялық текті немесе жартылай синтетикалық түрде туындаған антибиотиктерге (бета-лактамы, аминогликозид, макролид тетрациклин және т.б.) төзімділік «антибиотикке төзімділік» ретінде анықталынады.

Bacteroides fragilis, адам ағзасының тоқ ішектің қалыпты микрофлорасын құрайтыны белгілі, сонымен бірге басқада аэробты және факультативті анаэробты бактериялармен қатар моно- және полимикробтық инфекция кезінде клиникалық зертханаларда жиі бөлініп алынатын және өте маңызды бактериялардың бірі болып табылады. *B. fragilis* асқазан-ішек жолдарының микрофлорасының тек 5%-ын ғана алып жатыр, бірақ инфекциялық деңгейі 60-тан 80% аралығындағы *Bacteroides* тұқымдастығының аса жиі кездесетін түрі болып саналады. *B. fragilis* бактериясымен туындаған инфекциялар антибиотикке сезімталдылық сынамасының нәтижесіне сәйкес препараттармен емделеді [1]. *B. fragilis* бактериясының бета-лактамы, тетрациклин, макролид және флуорхинолондар тәрізді әртүрлі препарат топтарына төзімділік таныту мүмкіндігіне байланысты, берілген бактерияларға қарсы тиімді антимикробтық құрал саны салыстырмалы түрде шектеулі. Осыған орай, *B. fragilis* антимикробтық төзімділік гені мен элементтерінің резервуары болуы мүмкін [2]. Анаэробты бактериялар үшін антибиотикотерапияда жиі қолданылатын әртүрлі терапевтік агенттерге деген *B. fragilis* төзімділігінің артуы байқалады [3,4]. Тиісті емес деңгейдегі антимикробтық терапия ауруханаға жатқызу ұзақтығының және өлім санының артуына алып келетін негізгі фактор [5]. Антимикробтық терапия кезінде кең спектрлі антимикробтық құралдарға қарсы тұратын *B. fragilis*-тің мульти дәрілік төзімділіктің (MDR- multidrug-resistant) туындауы туралы мәліметтер алынып жатыр. MDR-штамдарының пайда болуы, *B. fragilis*-пен туындаған, әсіресе бұрын антимикробтық препараттармен емдеу алған жағдайдағы инфекцияларды емдеу қиындығына алып келеді [6]. *B. fragilis* -тің төзімділігін кодтайтын әртүрлі элементтердің болуы, *B. fragilis* геномының жылжымалылығын және оның төзімділік гендерін жинақтау мүмкіндігін белгілейді [3, 7, 8]. *B. fragilis*-тің MDR-штамдарының пайда болуы көптеген елдерде сипатталған. Бұл негізінен, олардың вертикалды таралуы жүрген жағдайда, басқа төзімді бактериялық патогендер сияқты, клиникалық жағдайдаларда мәселе тудыруы мүмкін. Карбапенем, сонымен бірге метронидазол, өздерінің кең антимикробтық спектрі мен анаэробты және факультативті анаэробты төзімді патогендерге әсер ету қабілетіне сәйкес *B. fragilis* -пен туындаған инфекцияларды, әсіресе полимикробтық интраабдоминалды және жұмсақ тін инфекцияларын емдеуде антибиотикотерапия үшін таңдаулы препа-

раттары болып табылады [9]. Алайда соңғы жылдары әртүрлі зерттеу жұмыстарында *B. fragilis*-тің клиникалық тұрғыда бөлініп алынған және комменсалды штамдары арасында карбапенемге деген төзімділіктің артуы аталып өтілген [10]. Антимикробтық препараттарға төзімділік механизмін түсіну альтернативті емдеу нұсқаларын таңдау үшін, сонымен бірге бақылау стратегиясын қолдану үшін қажет. Берілген жұмыста *B. fragilis*-тің карбапенемге қарсы төзімділікті тудыратын механизмдер қарастырылған.

***B. fragilis*; клиникалық маңызы мен антибиотикотерапия**

Bacteroides тұқымдастығына 60 астам түр енеді, олардың көпшілігі адам ағзасындағы асқазан-ішек жолдарында кездеседі [11]. 16S рДНҚ-ның филогенетикалық сараптамасының нәтижесі бойынша, адам нәжісінің, қан үлгілерінен ең жиі бөлінген *Bacteroides* түрлері – *B. acidifaciens*, *B. caccae*, *B. eggerthii*, *B. fragilis*, *B. ovatus*, *Parabacteroides (B.) distasonis*, *B. thetaiotaomicron*, *B. vulgatus* және *B. uniformis* [12]. Хирургиялық араласу, жарақаттану тәрізді кейбір жағдайларда, ішек қабырғасының тұтастығының бұзылуы кезінде *Bacteroides*-тің кейбір түрлері басқа тінге өтіп, әртүрлі инфекция тудыру қауіпі бар [13]. *B. fragilis*-тен басқа, адам биоматериал үлгілерінен бөлініп алынатын *Bacteroides*-тің ең кең таралған түрлеріне *P. distasonis*, *B. ovatus*, *B. thetaiotaomicron*, *B. vulgatus* және *B. uniformis* жатады [11]. *B. fragilis* ішек жолдарында мекендейтін бактериялардың 1%-2% құрайды, бірақ оттегіне төзімді болуына байланысты адам нәжісінің анаэробты дақылдарынан жиі бөлініп алынатын бактерия болып келеді. Сонымен бірге, *B. fragilis* – эндогенді инфекция, сонын ішінде 19% астам өлім-жітіммен аяқталатын, құрсақ қуысындағы инфекциясы кезінде жиі бөлініп алынатын анаэробты ағза [11,14]. Патогенді *B. fragilis* штамдары инфекцияны анықтау және төзімділік таныту қабілетіне ықпал ететін әртүрлі факторларға ие [15]. *B. fragilis* перитонит, жара инфекциясы, абцесс, бактериемия және токсинмен байланысты энтероколит тәрізді адам ағзасының әртүрлі участкелеріндегі инфекция қоздырғышы ретінде бөлініп алынды [16-19].

B. fragilis өзінің патогенезінде маңызды рөл ойнайтын әртүрлі молекулалық факторлар мен сипаттамаларға ие. *B. fragilis*-тің энтеротоксинді штамдары (ETBF) *B. fragilis* токсині (BFT) ретінде белгілі энтеротоксинді өңдіреді, ол өз кезегінде мырышқа тәуелді термолабильді металлопротеаза болып табылады. BFT өзінің биологиялық белсенділігін жасушаның беткі қабатындағы молекулаларды модификацияға ұшырату арқылы іске қосады, нәтижесінде уақыт және концентрацияға байланысты E-кадгериннің ажырауына алып келеді. E-кадгериннің ажырауы хлоридтің бөлінуін тудырады және бағаналы эпителиалды жасушалардың өткізгіштігін арттырады [20]. *B. fragilis*-тің кейбір штамдары инвазивті потенциалды қамтамасыз ететін экстрацеллюларлы және гистолитикалық ферменттерді және бактерияның қожайының жасушадан тыс матрицасына енуін экспрессиялайды. Ең көп таралған ферменттердің арасында: гиалуронидаза, хондроитинсульфатаза, дезоксирибонуклеаза, протеаз, фосфатаз және липазалар бар. *B. fragilis*-тің капсулды полисахаридтері абцестің қалыптасуын күшті ынталандыруы мүмкін. Абцесс, *B. fragilis*-тің ең жиі кездесетін клиникалық симптомы болып табылады. In vitro зерттеулерінің нәтижесі бойынша,

капсулды полисахаридтер CD4 + T-жасушаның клонының кеңеюі мен интерлейкин-10 (IL-10) бөлініп алынуын тудыратыны анықталынды. *B. fragilis* ішек жасушаларына жабысу және гемагглютинацияға ықпал ететін перитрихозды фимбриялар мен пилиге ие. ДНҚ-ның фазалық вариациясы микроағзалардың төзімділігі мен тұрақтылығында, яғни қожайының иммундық жауабын, қоректік заттарды қабылдауын және биоқабықша түзілуін модуляциялауда маңызды рөл ойнайды. ДНҚ-ның фазалық инверсиясы *B. fragilis*-тің кейбір молекулалық құрылымдарында, яғни SusC/SusD тұқымдасының сыртқы мембрана ақуыздары, автоагрегативті фенотиппен байланысты ақуыз, сыртқы мембраналық везикулдардың (СМВ) түзілуі және экстрацеллюларлы полисахаридте анықталынған. Темірді сіңіру, тотығу стресінде тіршілікке қабілеттілігі, кворум-сезімталдылығы мен биоқабықшаның қалыптасуы тәрізді басқа да молекулалық факторлар мен сипаттамаларда *B. fragilis*-тің қоршаған орта мен қожайын ағзасында патогенділігі мен төзімділігіне қатысады [20].

B. fragilis зертханаларда, әсіресе негізгі сырқаты бар және иммунитеті бұзылған науқастардан бөлініп алынатын ең жиі таралған анаэроб болып табылады [21-23]. *B. fragilis*-пен туындаған инфекцияларды емдеуде антимикробтық терапия ең маңызды кезеңге жатқызылады [24]. Жөнсіз антимикробтық терапия, әсіресе бактериемия кезінде (27% дейін) өлімге алып келуі мүмкін. *B. fragilis*-пен туындаған инфекцияларды емдеу үшін әртүрлі антимикробтық құралдар, сонын ішінде макролидтер, бета-лактамылар, метронидазол мен кейбір жаңа фторхинолондар қолданылады [25]. *B. fragilis*-тің мульти дәрілік төзімділікке ие штамдары бүкіл әлемде анықталынған. Шындығында, *B. fragilis* антибиотикке сезімтал бактериядан көптеген антибиотик кластарына сезімтал емес, төзімді бактерияға дейін бірте-бірте дами бастаған [26-27]. *B. fragilis* ішек жолдарында әртүрлі көлемдегі антимикробтық препараттар мен өт сияқты токсинді заттардың әсеріне ұшырайды да препараттарға деген төзімділігінің артуына алып келетін механизмдер тудырады [28, 29].


Карбапенемдер

Карбапенемдер клиникалық маңызды антимикробтық заттардың ең кең таралған және маңызды болып келетін бета-лактамы антибиотиктердің кіші тобын құрайды [30]. Карбапенем препараттары бета-лактамы сақинада азот және көміртекке біріккен, қанықпаған бес көміртекті мүшесі бар сақинаның болуымен сипатталады (сурет 1). Карбапенемдердің антимикробтық әсері басқа да бета-лактамы агенттер сияқты бактерияның жасуша қабықшасының биосинтезіне кедергі жасау арқылы жүзеге асады [31].


Транспептидаза ферменттерінің белсенділігін жүзеге асыру үшін қажет көлденең байланыстардың қалыптасуы бактерияның жасуша қабырғасының пептидогликанды қабаттарын нығайту үшін маңызды процесс болып табылады. Бета-лактамы агенттер транспептидаза субстратының конформационды аналогы болып табылады және транспептидазамен байланысу мен қалыпты белсенсіз кешенді қалыптастырудың арқасында фермент қызметін ингибирлейді. Бета-лактамының әсер ету нәтижесінде

бактерияның жасушалық қабырғасының тұтастығы бұзылады, сәйкесінше олардың өсуі барысында зақымдалған жасушалардың лизисіне алып келеді [32]. Карбапенемдер біздің антимикробтық құралдардың ішінде ең маңызды агенттердің бірін құрайды. Карбапенемдер грам-оң, сонымен бірге грам-теріс бактерияларға да қарсы тұратын, кең спектрлі антимикробтық құрал болып келеді. Сондықтан, көбіне карбапенемдерді дәріге төзімділігі жоғары патогендердің әсерімен туындаған инфекцияларды емдеудің соңғы құралы ретінде қолданылған [33]. Карбапенемдердің басқа антимикробтық құралдан артықшылығы ретінде олардың пеницилин мен цефалоспориндерге қарсы тұруымен маңызды рөлді атқаратын кең спектрлі бета-лактамаза (КСБЛ) тәрізді көптеген клиникалық маңызды бета-лактама гидролиз ферменттеріне төзімді келуі. Осындай артықшылыққа қарамастан, карбапенемге төзімді штамдардың мөлшері жоғарылап келеді, яғни жалпы ұлттық денсаулық сақтау ұйымның аса маңызды мәселесіне айналған және берілген препараттардың қолданылуының шектелуіне алып келеді [34]. Карбапенемге төзімділік механизмі көп жағдайда жүре пайда болады, сирек жағдайда туа пайда болған болады. Туа пайда болған төзімділікке мысал ретінде металло-бета-лактамазаны (МБЛ) өндірудің әсерінен *Stenotrophomonas maltophilia*-тің карбапенемге төзімділік танытуын айтуға болады [35].


А



Пенициллин




Цефалоспорин



Карбапенем

В



Сурет 1. Бета-лактамды антибиотиктердің химиялық құрылымы.
А: Пенициллин, цефалоспорин және карбапенемдердің негізгі құрылымы.
В: Клиникалық маңызды карбапенемдердің химиялық құрылымы.

Бета-лактамазға тәуелді карбапенемдердің төзімділігі тасымалданатын генетикалық элементтермен сезімтал штамдармен пайда болуы мүмкін ең жиі таралған және клиникалық маңызды төзімділік механизмі болып табылады [36].

Плазмид немесе транспозондар көмегімен бактерия арасында тасымалдау мүмкіндігімен және басқа антимикробтық құралдарына төзімділікті кодтайтын генетикалық элементтермен көршілесуімен кең спектрлі бета-лактамаз агенттерінің инактивация мүмкіншілігі бета-лактамазға тәуелді төзімділікті карбапенемге төзімділіктің аса клиникалық маңызды механизміне айналдырды [37]. Бета-лактамазалар Амблер классификациясы бойынша А бастап D класына жатады (сурет 2). Карбапенемдерді алғаннан кейін периплазма кеңістігінен энергияға-тәуелді экспульсия эффлюксинді жүйемен жүзеге асатын, осы препараттарға төзімділік болып табылады. Эффлюксинді жүйелері әдетте, периплазматикалық кеңістікте ақуызды байланыстыратын, бактерия мембранасындағы транспортер мен сыртқы мембранадағы пориннен құралады. Эффлюксинді жүйелер АТФ энергиясын немесе протондық мотив күшін (ПМК) қолданады және бактериялық жасушадан токсинді қосылыстарды тартып шығарады [38]. Төзімді-түйін-бөлу (RND-Resistance-Nodulation-Division) ағынды сорғылар тобының шамадан тыс экспрессиясы карбапенемдерді шығарып алуына жауапты болуы мүмкін және оларға тұрақтылықты қамтамасыз етеді [39]. Эффлюксияның RND-сорғылары фторхинолон, пенициллин, цефалоспорин және аминогликозид тәрізді кең спектрлі субстраттарға ие. Сондықтан, RND шамадан тыс болуы жиі MDR фенотипімен байланысты [40].



Сурет 2. Бета-лактамаза ферменттерінің классификациясы

Пенициллин байланыстаратын ақуыздардағы (ПБА) өзгеріс кейбір бактерия түрінде қарбапенемге деген төзімділік механизмі ретінде зерттелінеді. ПБА-ның экспрессия деңгейі *Acinetobacter baumannii*-дің қарбапенемге деген сезімталдылығының төменеуімен байланысты сипатталды [41]. Бактерияның сыртқы мембраналық пориндері (СМП) аминқышқыл, ұсақ пептидтер және қарбапенем тәрізді кейбір антибиотиктерді бактерия жасушасының ішіне тасымалдауға мүмкіндік беретін субстрат үшін тән құрылым болып табылады. Төмен СМП экспрессия немесе модификациясы берілген антибиотиктерге деген сезімталдылықты төмендетуі мүмкін [42,43].

***B. fragilis*-тің қарбапенемге деген төзімділігі**

Қарбапенемдер *B. fragilis* тәрізді анаэробтарға антимиқробтық әсер көрсетеді. Ең кең таралған қарбапенемдер (имипенем, меропенем, эртапенем және дорипенем) *in vitro* клиникалық тәжірибеде *B. fragilis*-ке қарсы тиімді болады. Олардың ішінде, имипенем мен меропенемге ұқсас, эртапенеммен салыстырғанда біршама жоғары (екі-төрт есе) келетін дорипенем *B. fragilis*-ке қарсы антимиқробтық әсер көрсетті [44,45]. *B. fragilis*-те препараттарға деген сезімталдылық деңгейінің төмендеуі белгілі антимиқробтық құралдардың клиникалық қолданылуының бастамасынан бірнеше жыл өткеннен кейін байқалуы мүмкін. *B. fragilis*-тің қарбапенемдерге ерте әсер етуі төзімділіктің жоғарылауымен байланысты [46]. Анаэробты бактериалдық инфекцияларды антибиотиктермен емдеу көбіне төзімділік эпидемиологиясын зерттеу нәтижесіне негізделеді (эмпирикалық терапия үшін қажет). Сондықтан терапия инфекция ағысының клиникалық бағасы және антимиқробты құралдарға деген сезімталдылық сынамалар негізіне зер сала отырып, аурухана және/немесе бөлімшелерде антимиқробтық құралдарға деген төзімділік деңгейі негізінде жүргізілуі қажет. Осыған орай, үнемі немесе кезеңді түрде препараттарға деген сезімталдылық мониторингін жүргізу және сезімталдылық сынама нәтижесі негізінде мақсатты терапияны қолдану қажет [47]. Анаэробты инфекцияларды, әсіресе іш-астарішілік инфекцияны емдеу кезінде инфекциялардың полимиқробтық сипатын ескеру қажет. Іш-астарішілік жолдарының полимиқробтық инфекциясы кезінде ең жиі бөлініп алынатын бактериялар – *E. coli* және *B. fragilis*. Сонымен, полимиқробты инфекциясының антимиқробтық терапиясы үшін анаэробты, сонымен бірге факультативті-анаэробты бактерияға қарсы кең спектрлі антимиқробты әсері бар препараттар қолданылуы тиісті. Әртүрлі *in vitro* және *in vivo* зерттеулерінің нәтижесі полимиқробтық инфекциялардың эмпирикалық емдеуі үшін кең спектрлі әсерді қолданудың қолайлы микробиологиялық нәтижелерін көрсетті [48]. Бұдан бөлек, цефтизоксим тәрізді кейбір препараттардың әсері кезінде *B. fragilis*-тің төзімділігінің жоғарылауынан басқа, пиперациллин-тазобактам тәрізді антимиқробтық құралдардың басқа түрлері *B. fragilis* штамдарының патогендік қасиетін жоғарылатуы мүмкін [48,49]. *In vitro* және *in vivo* зерттеулерінің нәтижесі факультативті-анаэробты бактериялармен бірігіп, *B. fragilis*-пен туындаған полимиқробтық инфекцияларды емдеу үшін басқа кең спектрлі бета-лактамен салыстырғанда эртапенем аса тиімді

препарат болып табылады, себебі төзімді штамдардың өсу қарқыны біршама төмен және аз вирулентті штамдар индукциясы [48-50]. Жақында, кең спектрлі препараттар деп аталатын, кейбір жаңа карбапенемдік препараттар ұсынылды, олардың ерекшелігі анаэробты және аэробты грам-оң мен грам-теріс бактерияларға қарсы келетін белсенді препараттар. Осыған орай, полимикробты инфекцияларды емдеуде кең спектрлі карбапенемдердің алатын орны ерекеше екені жорамалданады [51]. Разупенем, томопенем және санфетринем тәрізді осы препараттардың кейбіреулері *in vitro* немесе *in vivo*-да *B. fragilis*-ке қарсы әсерлі антимикробтық әсер көрсетті [52,53]. Карбапенемге төзімділік инфекцияда қарқынды дамып келе жатқан мәселе, себебі әлі күнге дейін карбапенемдерді дәрігерлер емдік шарада ең көп қолданылатын препарат ретінде қарастырады. Әртүрлі зерттеу жұмыстарында карбапенемге сезімтал емес *B. fragilis*-тің бірден 30% дейінгі әртүрлі жиіліктегі кездесуі байқалған. Антибиотикке сезімталдылық сипаты әртүрлі елдерде, тіпті бір елдің ішіндегі әртүрлі медициналық орталықтарында да өзгеше болады. Әртүрлі аумақтардағы изоляттардың осы ерекшеліктері антибиотикті қолдану нақты саясатымен және әр елде антимикробтық препараттарға рұқсатпен шартталуы мүмкін, сонымен бірге бактериалды изоляттардың генетикалық сипаттамаларындағы ерекшеліктерімен белгіленеді [54]. Грамм-теріс бактерияларға әсер ететін жаңа препараттарды қолданудың шектелуіне байланысты, карбапенемге деген төзімділік сақиналық жағдайдағы MDR-мен байланысты инфекцияларды емдеуде соңғы сатысын шектейді. Бета-лактамазаға төзімді жаңа бета-лактамының дамуы осы препараттардың тиімділігін қалпына келтіру үшін ингибиторларды қолдануды қамтиды. Бұл тренд авибактам, ваборбактам және релебактам тәрізді карбапенемнің тиімді ингибиторларының пайда болуына алып келді. Кейбір бета-лактамының жаңа ингибиторлармен бірлесуінің нәтижесінде *in vitro* және *in vivo* *B. fragilis*-ке қарсы антимикробтық әсері жоғарылағаны байқалады. Мысалы, авибактам *B. fragilis*-ке қарсы цефтаролиннің минималды ингибиторлық концентрациясы (МИК)₉₀ >32-ден 2 мкг/мл дейін төмендетті [54]. Алайда әлі күнге дейін *B. fragilis*-ке қарсы карбапенем мен берілген ингибиторлар арасында синерги немесе антагонизм туралы мәлімделмеген. Бұл әртүрлі бета-лактамаз кластарына аталып өткен қосылыстың әртүрлі әсерімен байланысты болуы мүмкін. Бұл ингибиторлар А, С және D бета-лактамаз фермент кластарына қарсы тиімді болып келеді. Дегенмен, олар *B. fragilis*-тің карбапенемге төзімділігінің ең кең тараған себебі болып табылатын В класына айтарлықтай әсер етпейді.

***B. fragilis*-тің карбапенемге төзімділік механизмдері**

B. fragilis-тің бета-лактамы препараттарға төзімділігі, бета-лактамаз өндіру, бета-лактамы сақинаның амид тобымен бета-лактамы антибиотиктердің қызметін ингибитор тәрізді әртүрлі молекулалық механизмдермен жүзеге асады. Мультидәрілік эффлюкс сорғышының жоғары экспрессиясы, сыртқы мембрананың өткізгіштігінің өзгеруі және оның ПБА -дың кейбір бета-лактамымен төмен ұқсастығы. Берілген зерттеу жұмысында *B. fragilis*-тің карбапенемге төзімділік механизмдерінің рөліне назар аударылған.

Бета-лактамазаға тәуелді резистенттілік механизмі

Бета-лактамаз синтезі *B. fragilis*-тің бета-лактамды қосылыстарға төзімділіктің ең кең тараған және клиникалық маңызды механизмдердің бірі болып келеді [55]. *B. fragilis* -тегі екі аса маңызды бета-лактамазалар бета-лактамның әртүрлі кластарына әртүрлі сәйкестіпен серА (Амблердің А класс бета-лактамазаларын кодтайды) және сfiА (Амблердің В класс металл-бета-лактамазаны кодтайды) гендерімен кодталған. СерА кодтайтын фермент эндогенді және А класс сериндік бета-лактамазалар үшін тән, кем дегенде төрт аминқышқыл мотивтерінен тұрады және пенициллиндер мен цефалоспориннің (цефокситин есепке алмағанда) көпшілігіне әсер етеді. *B. fragilis*-те карбапенемаза болып табылатын, сfiА генімен кодталған В кластың МБЛ анықталынған және барлық бета-лактамдар мен оларың бета-лактамаз ингиборлы байланыстарға резистенттіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. СfiА ферменті ЭДТА-ге (Этилендиаминтетрасірке қышқылы) сезімтал, клавулан қышқылына төзімді және Амблердің В класына және За функционалдық тобына жататын *Bacillus cereus* МБЛ II *Blm* ақуызына сәйкес Zn²⁺ болуын талап етеді. Әдетте, сfiА гені хромосомда орналасады. Дегенмен, кейбір клиникалық штамдарда сfiА гені мобильді плазмидалық элементтерімен кодталатыны белгіленген. *B. fragilis*-тің GAI92082 және С68с екі клиникалық штамдарында сfiА кодтайтын және шамамен 6,4 кДа массалық салмақтағы, рBFUK1 плазмидадан құралған. Аталған мобильді элементтер *B. fragilis* штамдары арасында карбапенемге төзімділіктің таралу қауіпін жоғарылатады [56]. *B. fragilis*-тің көптеген штамдарында сfiА гені аса қатты экспрессияға ұшырамайды, және карбапенемге сезімтал кейбір штамдары үнсіздік күйдегі сfiА генінің алып жүреді. Дегенмен үнсіздік күйіндегі сfiА гендері, олардың алдыңғы жағында инсерционды тізбек (IS) элементтерінің орналасуының нәтижесінде мутацияға ұшырап, өте қатты экспрессиялануы мүмкін. IS элементтері транспозиционды белсенділікке қатысатын ақуыздарды ғана кодайтын, екі тізбекті интегративті ДНҚ-ның шағын бөлшегі (<2,5 кб) ретінде белгіленеді. IS инвертелген (IR) қайталанатын тізбектермен қоршалған. Интеграция процесінің барлық уақытында IS әдетте кішкене көлемдегі нуклеотид сайт-нысананың дубликациясын индуцирлейді. Көршілес гендер транскрипциясының жоғарылауы сыртқы жаққа бағытталған промоторлардың барымен қамтамасыз етіледі және IS кіші тобына тән. Карбапенем, метронидазол және макролид төзімділігіне қатысатын *Bacteroides* гендерінің активациясы үшін IS өте маңызды рөлді ойнайды. IS элементтері *Bacteroides* және *E. Coli* төзімділікке ие сыртқы бағдардағы әртүрлі промоторлардан құралғаны және сfiА транскрипциясын индуцирлеу мүмкіндігі сипатталған [57]. Карбапенемге деген төзімділіктің жоғары деңгейі (МИК 64 мг/мл) ген алдында орналасқан тізбектің (IS) болуының әсерінен сfiА генінің шамадан тыс әрекетімен байланысты. сfiА генінің жоғарғы ағысы бойынша IS элементін енгізу антибиототерапия процесінде *B. fragilis* штамдарының карбапенемге деген сезімталдылықтан төзімділікке дейін өзгеру эволюциясына жауапты болуы мүмкін. Дегенмен көптеген жағдайларда, сfiА генінің жоғарғы ағысы бойынша IS элементі жоқ *B. fragilis* штамдарының карбапенемге деген жартылай немесе толықтай төзімді түрлері мен кей жағдайда Е тестерінде гетерогенді фенотиптік төзімділікті көрсететін түрлері

анықталынған. Берілген төзімділік механизмін түсіну, *cfiA* ген экспрессиясы қалай жүретін туралы зерттеу жұмыстарының келесі деңгейі болуы қажет [5,58].

CfiA гені спецификалық төзімділік механизмі ретінде ғана маңызды емес, типтеу процедуралары *cfiA* гені *B. fragilis* штамдары, бұрын сипатталған *B. fragilis*-тің хросомалық ДНҚ гомологиялық II тобына сәйкес әртүрлі субпопуляция түрлерінен тұратының көрсетті. Жақын арада *Klebsiella pneumoniae blaPER-1* -мен біршама сәйкестік (55%) көрсеткен, *B. fragilis*-тен 10,2 кб плазмида орналасқан жаңа КСБЛ тәрізді бета-лактамаза табылды. Бұл фермент *PbbA* (*PER* (КСБЛ түрі) тәрізді *Bacteroides* бета-лактамаза) деп белгіленді. *IS* элементі (*IS116 9*) геннің жоғарғы ағысы бойынша анықталынды. *PbbA* геніне ие штамдарда ампициллинге деген жоғары төзімділік және цефокситинге деген аралық төзімділік деңгейі анықталынды. *PbbA* пенициллин мен цефалоспоринге деген төзімділікте маңызды орын алады, ал керісінше *B. fragilis*-те карбапенемге деген төзімділікте алар орны аз [59].

Эффузионды сорғыштармен байланысты карбапенем төзімділік механизмі

Эффузионды жүйе арқылы препараттарды экспорттау микроорганизмдердің мульти-дәрілік төзімділіктің потенциалды механизмі болып табылады [60]. RND эффузионды жүйесі кең спектрлі субстраттары, сонымен бірге карбапенем агенттері бар *B. fragilis*-тің клиникалық маңызды сорғышы болып табылады. Мембранамен (*BmeA*) бірігу ақуызын, эффузионды сорғыш (*BmeB*) және сыртқы мембрананың ақуыз каналын кодтайтын, оперонда *BBC1-16* ретінде белгілі *B. fragilis* геномында гомологиялық зерттеу жүргізу кезінде берілген сорғыштың он алты гомологы анықталынған. Кейбір зерттеу жұмыстары көрсеткендей, *B. fragilis*-тегі *bme* генінің шамадан тыс экспрессиялануына орай, антимиқробтық агенттер антибиотиктің белгілі бір түрлеріне төзімділік танытуы мүмкін. Меропенемнен басқасынан, имипенем мен дорипенем энергияға тәуелді эффузия жүйе экспрессиясын индуцирлейді және *B. fragilis*-тің MDR-штамдарының пайда болуына ықпал етеді [61]. *B. fragilis*-тің жабайы және мутант түрлерінің антибиотикке төзімділік сынама нәтижесі бойынша имипенем, меропенем және дорипенем тәрізді кейбір карбапенем түрлеріне төзімділікте эффузионды *BmeABC* сорғыштары маңызды орын алатының көрсетті. Дегенмен эртапенемге төзімділікте аса елеулі әсер байқалмады [62]. *BmeABC* оперонның жалпы экспрессиясы *bmeC* генінің жоғарғы ағымында орналасқан *bmeR5* ретінде белгілі реттеуші генмен реттелінеді. *BmeABC5* тізбекте бірнеше генаралық фрагменттер (IT) ұйымдастырылған: *IT1* – *bmeABC5* тізбегінің *bmeR* және *bmeC* гендері аралығындағы 51 негіздік жұптан құралған тізбек. *GGGAAT-eATTCCC* тізбегі бар инвертирленген қайталанулар (IR) *IT1*-тің ортанғы аумағында орналасқан және *BmeR5*-пен байланысу үшін тиімді операторлық сайт болып табылады. *IT1*-дің IR-де нүктелік мутация бойынша *G* мен *T* (*GGGAAT / GGTAAT*) орындарын алмасуды қамтиды, яғни *BmeR5*-пен байланысуын блоктайды және *B. fragilis*-тің антимиқробтық агенттерге деген төзімділік пен *bmeABC5* оперон экспрессиясын индуцирлейді.

***B. fragilis*-тің бета-лактамазалары**

